



1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru

Наурыз

Ақтөбе қаласындағы «Қазақ халқына мың алғыс» стеласы алдында «Наурызнама» тұжырымдамасының онкүндігіне сәйкес 22 наурыз — Ұлыстың ұлы күніне орай өткен мерекелік концерт «Қош келдің, Әз Наурыз!» деп аталды.

Киіз үй стиліндегі сахнаға шыққан Асхат Шахаров жиналғандарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазір Әз Наурыз күллі халыққа ортақ жалпыұлттық мерекеге айналды. Оны ұлттына, дініне қарамастан, барша жұртымыз ерекше күтеді, бірағ атал өтеді» — деген болатын. Сондай-ақ күні кеше Көкшетауда төртінші құрылтай өтіп, ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында төл мәдениетіміздегі Әз Наурыз мейрамының орны белек екеніне ерекше тоқталып өтті. Шыңдығында, Шығыс халықтарының жыл басы болып саналатын бұл мезгіл — еңбек пен іскерлікті, бірлік пен ынтымақтастықты және бауырмалдықты одан әрі бекітеді. Осыған орай, өткен жылдан бастап дәстүр мен әдет-ғұрып тамыр жайған ұлттық мерекені атап өтуге арналған «Наурызнама» тұжырымдамасы қабылданды. «Наурызнама» онкүндігі Керісу күнінен бастау алып, Наурыз мейрамының маңызы мен мазмұнын бағытып, түрлі іс-шараларды қамтыды. Әзіміздің наурыздан наурызға дейін қол жеткізген табыстары аз емес. Жылдан-жылға облысымыз әулетініп, халықтың әл-ауқаты жақсарып келеді. Осының барлығы — сіз бен біздің бірлескен еңбегіміздің нәтижесі. Бірлігіміздің арқасында талай асуларды да бағындыратынымызға сенемін. Наурыз мерекесі отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға молшылық, береке мен бірлік әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! — деді облыс әкімі Асхат Шахаров.

Одан соң Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының әртістері, Г.Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының қазақ камералық хоры, «Сақтау» этнофольклорлық тобы, «Арайлы Ақтөбе» фольклорлық ансамблі, «Достық сазы» фольклорлық ансамблі, «Дауыс»



«ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!»

әншілер ұжымы өнер көрсететті. Сонымен қатар дәстүрлі әндер шеруі ұйымдастырылып, қазақтың бай музыкалық мұрасы дәріптелді.

Мерекеді салт-дәстүрге негізделген шаралар да өткізілді. Қазақтың ұлттық ұғымындағы табиғатқа байланысты 7 амал жұмбақ ретінде қойылып, сыр сандықтар ашылды. Наурыздың рухани мазмұнын арттыру мақсатында әжелердің аластау дәстүрі мен жауырыншының жұлдызшының өнері сахналанды.

Ал көпшілікке танымал Таза бала мерекенің сәнін келтіріп, көрерменнің көңіл күйін көтерді. Елімізге танымал әншілер Мирас пен Құралай Бейжановтар әннен шашу шашып, ақтөбеліктерге ерекше көңіл күй сыйлады.

— Бүгін біз ұлттық мерекеміз — Наурызды тойлап жатырмыз. Бұл — жай ғана тойлау емес, ұлттық дәстүрлердің жаңғыруы, жаңару мен халық бірлігінің тойы. Ежелден бері қазақ халқы көктемнің келуін қуанышпен және ізгі тілектермен қарсы алады. Екінші жыл қатарынан Наурыз онкүндік форматында тойланып отыр. Онкүндік 14 наурызда Керісу күні — кешірім мен қауышу күнінен басталды, одан кейін бірлік, тазалық және қайырымдылық күндеріне жалғасты. Мұның бәрі жас ұрпақтың дәстүрге деген құрметін қалыптастырып, отбасылық құндылықтарды нығайтып, адамдар арасындағы достық қарым-қатынасты күшейтеді. Бүгінгі жастардың ұлттық

киімін мақтаншыпен киіп, ата-баба мұрасына қызығушылық танытуы көңіл қуантады. Өйткені олар өздері көріп өскен салт-дәстүрлерімізді келер ұрпаққа жалғастырады.

Барша ақтөбеліктерді осы тамаша мерекемін шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа молшылық, береке және бақыт тілей-

бұйымдармен, зергерлік өнермен, ағаш және тері өңдеу шеберлігінің үлгілерімен танысты.

Әсіресе балалар жұмсақ ойыншықтар мен түрлі түсті қуыршақтар қойылған үстелдің жанында айналдырылып жүрді. Қолөнер шебері Ләйле Байғанова көрмеде көптеген бұйымдарын ұсынып тұр: ұлттық киімдегі



мін, елімізде ердайым бейбітшілік пен бірлік болсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! — деді ақын, облыстық мәслихат депутаты Бижан Қалмағанбетов.

Сонымен қатар бұл күні қолөнер шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде тұрғындар ұлттық

қуыршақтар, киізден жасалған ойыншықтар, автокөлікке арналған көде-сыйлар, үйді безендіруге немесе интерьердің бір бөлігіне айналатын тұмарлар. «Жаңа жылда бәрі жаппай сыйлық алып, бір-біріне сыйлап жатады ғой. Наурызда да ұлттық көде-сыйларды сатып алып, неге сыйламайсыз? Наурыз тойы құтты болсын, елімізде тыныштық болсын!» — деді Ләйле Байғанова ұсыныс-тілегін айтып.

Есет батыр тұрғын алабындағы Наурыз тойына жиналғандар мерекені ерекше көңіл күйде тойлады. Өңір басшысы Асхат Шахаров тұрғын алаптың мыңнан аса тұрғынымен бірге Ұлыстың ұлы күнін қарсы алды. Облыс әкімі киіз үйлерді аралап, қолөнер шеберлерінің бұйымдарын тамашалап, жергілікті кәсіпкерлер ұсынған өнімдермен танысты. Наурыз тойында ұлттық ойындар ойнатылып, ән мен күйден шашу шашылды. Дәстүрлі салт-жоралғылар көрсетіліп, ақсақалдар бата берді. Көпшілікке наурызкөже ұсынылды. Өнерпаздар концерттік бағдарламамен халықты қуантты.

Бұл күні облыстың барлық ауданында да Наурыз тойы тойланып, мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Айнұр ИЛИЯСҚЫЗЫ.

Су тасқыны

ӨЗЕҢДЕРДЕ СУ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

24 наурыздағы жағдай бойынша облыс аумағында тұрғын үйлер мен саяжайларды су басу деректері тіркелген жоқ. Су тасқынына қатысты ахуал облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысында қаралды.

Аймақ басшысы өзендерге мониторинг жүргізуді жалғастыруды және жағдайды бақылауда ұстауды тапсырды.

Штаб отырысында облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Айбат Жаңабегенов су тасқыны жағдайы туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, облыста үйлерді су басу дерегі тір-

ге көтерілді. Қостанай облысындағы жоғары ағыстар да төмендей бастағандықтан, қазіргі жағдайда Торғай өзенінен айтарлықтай су келуі екіталай. Алдағы 5-6 күнде шағын ағын болуы мүмкін, бірақ су деңгейінің айтарлықтай көтерілуі болжанбайды, — деді «Қазгидромет» облыстық филиалының директоры Айгүл Саи-



келмеген. Қала мен аудандарда су сору, қорғаныс бөгеттерін тұрғызу, инертті материалдарды әзірлеу және құм салынған қаптарды төсеу жұмыстары жалғасуда. Бүгінге дейін елді мекендерден 971 мың текше метр қар шұғырылып, 121 шақырым арық пен 65 шақырым су бұру арналары тазартылды. Алдын алу шараларын жүргізу мақсатында Ойыл, Ырғыз, Хромтау және Әйтеке би аудандарына әскери бөлімдер мен арнайы техника жылданып келеді. Жұмыстардың аяқталуына байланысты Әйтеке би және Хромтау аудандарындағы әскери қызметшілер кері қайтарылады.

«Қазгидромет» мәліметінше, өңірдегі су айдындарында су деңгейі төмендеуде.

— Соңғы таулікте Ойыл ауданындағы Ойыл өзенінің су деңгейі бірқалыпты. Алдағы таулікте оның төмендеуі күтілуде. Ырғыз өзеніндегі су деңгейі небәрі 10 сантиметр-

мова. Жылы қорытындысы бойынша облыс әкімі су тасқыны жағдайының мониторингін жалғастыруды, су деңгейінің өзгеруіне жедел ден қоюды және елді мекендерді тасқын су-шұғырылып, 121 шақырым арық пен 65 шақырым су бұру арналары тазартылды. Алдын алу шараларын жүргізу мақсатында Ойыл, Ырғыз, Хромтау және Әйтеке би аудандарына әскери бөлімдер мен арнайы техника жылданып келеді. Жұмыстардың аяқталуына байланысты Әйтеке би және Хромтау аудандарындағы әскери қызметшілер кері қайтарылады.

«Қазгидромет» мәліметінше, өңірдегі су айдындарында су деңгейі төмендеуде.

— Соңғы таулікте Ойыл ауданындағы Ойыл өзенінің су деңгейі бірқалыпты. Алдағы таулікте оның төмендеуі күтілуде. Ырғыз өзеніндегі су деңгейі небәрі 10 сантиметр-

А.ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ.

ТАЗАЛЫҚТЫҢ ЕКІ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ



27 наурыз бен 31 мамыр аралығында облыста елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазарту бойынша екі айлық жарияланды. Бұл шараның басты мақсаты — аумақтарды тазалау, көгалдандыру және өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту.

Облыс әкімі Асхат Шахаров тұрғындарды сенбіліктерге белсенді қатысып, туған өлкеңіз көркеюіне үлес қосуға шақырды. Екі айлық барысында апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылып, абаттандыру, көгалдандыру, көшелер мен аулаларды тазалау және тұрмыстық қалдықтарды шығару сияқты нақты іс-шаралар өткізіледі. Тазалық маусымында шағын сәулет нысандарын, аула аумақтарын, жаяу жүргіншілер жолдарын, аялдама павильондарын және жарнамалық құрылымдарды тазалау, ағаштарды санитарлық кесу, жаңа көшеттер отырғызу, құраған ағаштар мен бұталарды қалпына келтіру, заңсыз қоқыс үйінділерін жою, көп қабатты үйлер, су айдындары мен орман алқаптарының маңындағы аумақтарды тазалау, рұқсатсыз қоқыс тастаудың алдын алу мақсатында жеке сектор тұрғындарымен шарттар жасасу сияқты жұмыстар жүргізіледі.

Екі айлық аясында 20 наурыз бен 21 сәуір аралығында өтетін Tazalike экологиялық акциясы жоспарланып отыр. 29 наурызда «Мөлдір бұлақ» акциясы өткізілімек, яғни су айдындарының жағалаулары мен аумақтары қоқыстан тазартылады.

1 сәуір — Халықаралық құстар күніне орай, құстарға ұйық жасауға және орнатуға ба-са назар аударыламыз. 15 сәуір — Бүкілқазақстандық көшет отырғызу күнінде де облыс аймақтарында тал егу жұмыстары қолға алынбақ. 19 сәуір — «Та-

за аумақ» акциясы ұйымдастырылады, оның аясында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен оларға іргелес елді мекендер аумағы тазартылады. Сонымен қатар ең таза аула, көше, ауыл және шағын аудан номинациялары бойынша байқаулар өткізіліп, жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Облыс әкімі тазалық пен тәртіп тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі екенін атап өтті.

— Биыл көктем ерте келді. Қазір қала көшелері құрғап, сенбілікке шығатын уақыт жетті. Президент тапсырмасына сәйкес және «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында ауқымды тазалау жұмыстарын жүргізу қажет. Екі айдың ішінде әрбір ауылды, көшені, үй маңындағы аумақтарды ретке келтіруге тиіс. Қала аумағын бірнеше секторға бөліп, оларды ұйымдар, кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарына бекітеміз. Туған өлкеңізді әрқайсыңыздың қолымен тазалауға міндеттіміз. Көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Аймақтың дендропарктерінде сәуіске жасыл желектер отырғызу жоспарланып отыр. Бұл — экологияны жақсартудағы маңызды қадам. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана өңірімізді таза, жайлы және көрікті ете аламыз, — деді облыс әкімі.

Арайлым НҮРБАЕВА.



ЫРЫСТЫ ЫНТЫМАҚ КҮНІ

Наурызнама онкүндігінің сегізінші күні — Ынтымақ күні.

Мерекеге орай «Қазақ халқына мың алғыс» стеласы алаңында «Наурыз. Бірлік. Береке» атты іс-шара өтті.

Наурыз мейрамы өліміздегі барлық ұлт өкілін жаңару, бірлік және ізгілік секілді құндылықтар арқылы біріктіреді.

Мерекеді алаңға жиналған жұртшылықтың қарасы көп болды. Алдымен сахна төріне жарапазан айтатын «Ер Едіге» жыр мектебінің балалары мен этномәдени бірлестіктердің ата-әжелері шықты.

— Қазақ халқы — ежелден ынтымағы мен татулығын ту өткен дана халық. Сондықтан бұл күн халқымыз үшін айрықша маңызға ие болмақ. Қала аумағында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Бүгін этномәдени бірлестіктердің өкілдері өз өнерлерін көрсетіп жатыр. Бүгінде қалада 37 этномәдени бірлестік бар. Барлығы да мерекеге атсалысуда, — деді облыстық халық шығармашылығы орталығының әдіскері Аманбек Иманов.

Сондай-ақ украиндердің «Оксана» ұлттық-мәдени орталығының «Оксана» халықтық хоры «Биыл» әнін орындап, немістердің «Возрождение» ұлттық-мәдени орталығының «Veischn» халықтық хоры «Қазақстаным менің» әнін шырқады.

Сонымен қатар «Дәстүрден — дәмді өнерге» атты іс-шара ұйымдастырылды. Яғни әртүрлі әдіспен



дайындалған құрттар ақтөбеліктерге ұсынылды. Ақтөбе облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен этномәдени бірлестік өкілдері шашу шашып, ақ дастарқан жайды. Наурызкөже, шұбат, бауырсақ және түрлі ұлттық тағамдардан қала тұрғындары мен қонақтары дәм татты.

Мерекелік шарада ұлттық саз аспаптары тартылып, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар да ұйымдастырылды.

Жиналған жұртшылық алаңнан ерекше көңіл күймен тарқасты.

К.ҚОПАЕВА.